



ЖАҢА ЖЫЛ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№47 (1913) 30 ЖЕЛТОҚСАН 2023 ЖЫЛ

Жыл жаңа жетістіктерге толы болсын!

Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушылары мен қызметкерлері, білім алушы жастар!

Сіздерді келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Биылғы жыл еліміз үшін де, университетіміз үшін де табысты жыл болды.

Бір жылда университетте білім мен ғылым бойынша іргелі істер атқарылды.

Asia University Rankings халықаралық рейтингінде ҚазҰУ Қазақстанда көш бастап, Азиядағы үздік 30 ЖОО қатарына қосылды.

Биыл ҚазҰУ-да Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалы ашылды. Қазіргі сәтте университетте жалпы құны 8,1 млрд теңге болатын 400 ғылыми жоба іске асырылуда. География және табиғатты пайдалану факультеті 3,8 млрд теңгенің мегагрантын ұтып алды. Биыл ҚазҰУ жанынан Ми институты құрылды. Қазіргі сәтте ҚазҰУ жанынан өнеркәсіптік робототехника және роботтандыру сала-сындағы инженерлік шешімдер орталығы салынуда. Бұған қоса, ҚазҰУ-да суперкомпьютермен қамтамасыз ету жөніндегі үкіметаралық жоба жүзеге асырылады.

Біздің басты мақсатымыз – білім сапасын жақсарту, ғылымды дамыту және ҚазҰУ қалашығын жаңғырту. Ең басты жаңалығымыз – Мемлекет басшысының қолдауымен 50 жылдық тарихы бар ҚазҰУ қалашығы құрылысының II кезеңін іске асыру жұмыстары басталды. 15 желтоқсанда университетімізде әрқайсысы 1060 орындық, жалпы 3180 орынға арналған заманауи үш жатақхана құрылысының іргетасын қалау рәсімі өтті.

Тоғыз қабатты үш жатақхананың жалпы ауданы 49 703,94 шаршы метрді құрайды. Студенттер үйінің әр қабатында заманауи оқу залдары, демалыс орындары, асхана, кофехана, спортзал, тұрмыстық бөлмелер қарастырылған.

70 шаршы метрлік толыққанды жабдықталған бір бөлме төрт адамға арналған. ҚазҰУ-дың II даму жоспары бойынша қалашықта жалпы 12 жатақхана, 8 оқу корпусы бой көтереді.

Жаңа жылдан кейін төрт оқу корпусы, қаңтар айында 35 мың шаршы метр емхана құрылысы басталады.

Медициналық орталықта поликлиника, медицина және денсаулық сақтау факультеті, стоматология жұмыс істейтін болады. Бұған қоса, қызметкерлерге арналған тұрғынжай, инновациялық орталық, IT хаб, спорттық-сауықтыру орталығы т.б. ғимараттар салынады.

Келесі жылы университетіміз 90 жылдық мерейтойын атап өтеді. Осы қуанышқа орай, алдағы күзде алғашқы жатақхана пайдалануға беріледі.

Жаңа жылды жаңа табыстармен қарсы алайық.

Баршаңызға мықты денсаулық, шаңырақтарыңызға құт-береке, еңбектеріңізге табыс тілеймін.

Алдымыздағы мерейлі жаңа жылымыз жаңа жетістіктерге толы болсын!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдығына орай, ҚазҰУ логотипін жаңартуға арналған дизайнерлер, магистранттар, студенттер арасындағы байқау мәреге жетті.

Байқау жеңімпаздары белгілі болды

2024 жылдың 15 қаңтарында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрылғанына 90 жыл толады. Осыған орай, 2023 жылдың қараша айында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті өз логотипін жаңарту үшін республикалық байқау жариялаған еді. Ұйымдастыру алқасына 80-нен астам үміткер қатысып, өз жобаларын ұсынды.

Университет басшылығы мен белгілі дизайнерлерден құралған комиссия мүшелері байқауға келіп түскен жұмыстарды сарапта сала келе, жеңімпаздарды анықтады.

Бірінші орын алған жұмыс байқау комиссиясына «Farabi» лақап атымен жіберілген. Суретші-дизайнер аты-жөнін жарияламауды сұрап, жобасы жеңімпаз атанған жағдайда жұлде қорынан бас тартатынын жеткізген. Сондай-ақ оқу орнының түлегі ретінде университеттің 90 жылдығына айрықша тарту жасағысы келетінін, авторлық құқығын университетке сыйлайтынын атап көрсеткен. Қазылар алқасы бірауыздан осы жобаны үздік деп таныды. 2-орынды дизайнер Ерболат Кісімісов,



3-орынды дизайнер Бейсен Серікбай иеленді.

Бұдан бөлек, белсенділік танытқан төрт қатысушы ынталандыру сыйлығына лайық деп табылды. Байқау жеңімпаздарына қаржылай сыйлық пен сертификаттар тапсырылды.

Алмат ИСАДІЛ

Жыл ректоры анықталды

Республикалық «Қазақ үні» газеті мен Qazaquni.kz ұлттық порталы 2023 жылғы «Жыл адамын» анықтады. Сауалнама қорытындысы бойынша «Жыл ректоры» атағына Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев лайық деп танылды.

Дауыс беру телефон сауалы, sms, электронды пошта хабарлары арқылы өткізілді. Барлық дауысты есепке ала отырып, арнайы құрылған сарапшылар шешім шығарды.

«Аккредиттеу және рейтинг агенттігі (АРТА) жүргізетін, Академиялық рейтинг пен

озаттық обсерваториясы (IREG) аудитін жүргізетін еліміздің танымал университеттерінің 2023 жылғы тәуелсіз рейтингінің нәтижелері бойынша Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қазақстандағы ең бірінші және үздік университет болып

танылды. 2023 жылы халықаралық QS Asia University Rankings қорытындысы бойынша ҚазҰУ Қазақстанда жетекші орынға ие болып, Азия университеттері арасындағы үздік рейтингтің ТОП 4%-ына енді. Asia University Rankings халықаралық рейтингінің қорытындысы бойынша ҚазҰУ Қазақстанда көшбасшылық орынға ие болып, Азиядағы үздік 30 жоғары оқу орнының қатарына қосылды», – делінген Qazaquni.kz ұлттық порталында.

Түркі академиясымен бірге ясауитану жалғасады

2 >>>

ҚХР білім вице-министрімен кездесу өтті

2 >>>

Нұржан ЖАЛАУҚЫЗЫ, Еңбек жолым «Qazaq universiteti» газетінде басталған

5 >>>

Түркі академиясымен бірге Ясауитану жалғасады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл толуына орай, «Қожа Ахмет Ясауи мұрасы және түркі халықтарының рухани әлемі» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Тағылымды шараны ҚазҰУ мен Халықаралық түркі академиясы бірлесіп ұйымдастырды.



Әл-Фараби кітапханасында өткен конференцияға ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, Халықаралық түркі академиясының президенті Шаһин Мұстафаев, ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, Әзірбайжаннан келген профессор Фузули Баят, Түркия профессоры Ибраһим Мараш, шетелдік және отандық профессорлар, түркітанушы және шығыстанушы ғалымдар, оқу ордасының оқытушы-профессорлар құрамы мен білім алушы жастар қатысты.

Шарада ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді.

«Қожа Ахмет Ясауи – түркі өркениетін дамытуға өлшеусіз үлес қосқан тұғырлы тұлға. Оның адамзатты ізгілікке бастайтын еңбектерін жан-жақты зерттеп, насихаттаудың маңызы зор. Бұл ретте тағылымды әрі танымды іс-шаралардың ұйымдастырылуы құптарлық іс», – делінген құттықтау хатта.

Конференцияда ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев сөз сөйлеп, Қожа Ахмет Ясауи қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі әлемінің баға жетпес ғұламасы екенін айрықша атап өтті.

«Мемлекет басшысы: «Биыл Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл толып отыр. Осы орайда, ғұламаның еңбектерін жан-жақты зерттеп, дәріптеу маңызды. Елімізде «Ясауитану» ғылыми орталығы немесе институты құрылуы тиіс», – деп атап өткен болатын. Бүгінгі конференция Ясауи мұрасы мен түркі халықтарының рухани әлеміне арналып отыр. Бұл мәселеде түркі дүниесінің ғалымдары күш біріктіріп, ортақ мақсатқа жұмылуы тиіс», – деді ректор.

Тағылымды басқосуда отандық және шетелдік профессорлар, түркітанушылар мен шығыстанушы ғалымдар баяндама жасап, Қожа Ахмет Ясауидің еңбектері мен өмір жолына тоқталды. Конференция жұмысы секцияларда жалғасты.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ базасындағы ғылыми-зерттеу институттарының басшыларымен кездесу өткізді.

ҒЗИ басшылары зерттеу тәжірибелерімен бөлісті



Жүздесуде Жансейіт Түймебаев университеттің ғылыми әлеуетін арттыруда ашық форматтағы кездесулердің маңызды екеніне тоқталды. Сондай-ақ өз сөзінде ректор ғалымдармен ай сайын дәстүрлі түрде ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша жиын өткізіп тұратынын жеткізді.

«Өткен жылы Үкімет қаулысымен университетке зерттеу университеті мәртебесі берілді. Бұл университет ғалымдарына үлкен жауапкершілік жүктейді. Біз оқу ордасындағы ғылымды дамытып, жаңадан инновациялық жобаларды жүзеге асыруымыз қажет.

Сондай-ақ жас зерттеушілер қатарын қалыптастыру үшін студенттерді ғылыми жұмыстарға белсенді қатыстырып, ынталандырумыз керек», – деді ректор.

Кездесу барысында университет тарапынан ғалымдарға көрсетілетін қолдау мәселелері қаралып, зерттеу барысында туындайтын кедергілердің шешу жолдары талқыланды.

Өз кезегінде кездесуге қатысқан ҒЗИ басшылары сөз сөйлеп, зерттеу тәжірибелерімен бөлісті, сондай-ақ өз жұмыстарының нәтижелері туралы айтты.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Ректор ҚХР Білім Вице-министрімен кездесті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне жұмыс сапарымен келген Қытай Халық Республикасының білім вице-министрі Сун Яо бастаған делегациямен оқу ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді.



Жүздесуге ҚХР Білім министрлігі жанындағы Пекин ынтымақтастық және тілдерді даярлау орталығының директоры Ма Цзяньфэй, Ланчжоу университетінің вице-президенті Гоу Сяохуа, Солтүстік-батыс политехникалық университетінің вице-президенті Чэнь Цзянью, Еуропа және Орталық Азия елдері департаментінің халықаралық ынтымақтастық және алмасу бөлімінің бастығы Луй Цзяньцин және т.б. лауазымды тұлғалар қатысты.

Жансейіт Түймебаев Сун Яо мырзаға оқу ордасына арнайы келгені үшін алғыс білдіріп, бүгінгі кездесу ҚазҰУ мен Қытай ЖОО-ларымен ғылым мен білім бағыты бойынша серіктестікті дамытуға серпін беретінін айтты.

«Қазақстан мен Қытай арасындағы байланыс күннен-күнге артып келеді. Оған дәлел – екі мемлекет басшыларының жиі кездесуі. Соңғы уақытта Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қытай университеттерімен байланысты жандандырып келеді. Жақында білім ордасында Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалын аштық. Бұл үлкен бастама

болды. Себебі бұл Қытай ЖОО-ларының Қазақстанда ашылған алғашқы филиалы. Бүгінгі кездесу ауқымды жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді деп ойлаймын. Алдағы уақытта ҚазҰУ базасында ҚазҰУ–Қытай ғылыми орталығын құру туралы ұсынысымды жеткізім келеді. Орталық техникалық бағытта ғылыми зерттеулер жүргізуге және ҚазҰУ-дағы дайын инновациялық жобаларды Қытай арқылы өндіріске шығаруға мүмкіндік береді деп санаймын», – деді ректор.

Өз кезегінде Қытай Халық Республикасының білім вице-министрі Сун Яо ілтипат білдіргені үшін университет басшылығы мен ұжымына ризашылығын жеткізіп, бірқатар ұсынысын ортаға салды.

«ҚазҰУ-мен жақсы серіктес болатынымызға сенімдімін. Болашақта ҚазҰУ-дың өзге де университеттермен әріптес болуына көмектесеміз. Ланчжоу университеті химия саласы бойынша өлемде 50-орын алады. Сондықтан Ланчжоу университетімен бірлесіп докторанттарды дайындасаңыздар өте жақсы болар еді. Сонымен қатар докторанттарды даярлауда

ҚазҰУ Ланчжоу университетімен және Солтүстік-батыс политехникалық университетімен академиялық ұтқырлық бойынша оқытушылар алмасу жұмыстарын жүргізу қажет деп санаймын», – деді вице-министр.

Кездесуде тараптар аталған ұсыныстарды жүйелі түрде жүзеге асыруға уағдаласты.

Сонымен қатар келіссөз барысында қосдипломды білім беру бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Ланчжоу университетінің вице-президенті Гоу Сяохуамен және ҚХР Білім министрлігі жанындағы Пекин ынтымақтастық және тілдерді даярлау орталығының директоры Ма Цзяньфэймен келісімге қол қойды.

Университетке жұмыс сапары барысында Сун Яо бастаған делегация жуырда ашылған Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалын аралап, студенттермен әңгімелесті. Сондай-ақ Қытайтану кафедрасы мен Конфуций институтының қызметімен танысты.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Қытайтануды дамытуға тапсырма берілді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ғалым, механика-математика факультетінің профессоры Күләш Қалиевамен кездесу өткізді.



Ректор профессормен бірге Қазақстандағы қытайтану мәселелері мен ғылыми зерттеу бағыттарын, сондай-ақ халықаралық ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

Күләш Қалиева Жансейіт Түймебаевқа кафедрада жүзеге асырылып жатқан жұмыстар мен ғалымдардың ғылыми жетістіктері туралы мәлімет берді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қытай университеттерімен білім және ғылым саласы бойынша белсенді ынтымақтастықта. Қазіргі уақытта оқу ор-

дасы Қытайдың 55 жоғары оқу орнымен серіктестік орнатқан. Қытайдан келген профессорлар дәстүрлі түрде ҚазҰУ-да дәрістер оқиды. Бүгінде білім ордасында Қытайтану кафедрасы мен Конфуций институты табысты жұмыс істейді. Онда көптеген халықаралық ғылыми конференциялар мен кездесулер өткізіледі.

Кездесу соңында Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-да қытайтануды дамыту бойынша бірқатар нақты тапсырмалар берді.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі жариялаған дәстүрлі «Үздік ғылыми қызметкер – 2023» байқауының жеңімпаздары атанды.

Министрлік еліміздің 50 үздік ғалымына ғылымдағы үздік нәтижелері үшін арнайы сыйлық берді. ҚазҰУ-дың үш ғалымы «Жаратылыстану ғылымдары» және «Гуманитарлық ғылымдар және өнер» бағыттары бойынша жеңімпаздар қатарынан көрінді.

Үздік ғылыми қызметкер атандығандардың бірі – тарих ғылымының докторы, профессор, Археология және антропология институтының бас ғылыми қызметкері **Мадияр Елеуов**.

Мадияр Елеуовты Жамбыл, Қызылорда, Түркістан облыстарында тарихи, мәдени ескерткіштерді есепке алу, қорғау және қалпына келтіру бойынша ауқым-

Ғалымдарымыз жеңімпаздар қатарында



ды зерттеулер жүргізді. Тарихшы ғалым әртүрлі тарихи кезеңдерде сақталған 3000-ға жуық археологиялық ескерткіштерді ашты және оларды ғылыми айналымға енгізді.

М.Елеуовтың басшылығымен Қышқала қалашығы орнында жүргізілген қазба жұмыстары нәтижесінде алынған жәдігерлер Сырдария ауданының тарихи-өлкетану мұражайына және тарих факультетінің музей қорына тапсырылды.

Мадияр Елеуов Қызылорда облысының ескерткіштерді қорғау ұйымының тең төрағасы, «Археология» ЖШС-ін басқарады, сондай-ақ ортағасырлық Сарайшық қаласының қазбаларында ғылыми маман ретінде жұмыс істейді.

«Үздік ғылыми қызметкер-2023» байқауының тағы бір жеңімпазы – физика-техникалық факультетінің Қатты дене физикасы және бейсызық физика кафедрасының профессоры

Гаухар Мұсабек. Ғалым жартылай өткізгіш наноматериалдарды алу, зерттеу және қолдану саласындағы маман.

Гаухар Қалижанқызы ғылыми қызметпен белсенді айналысады. Соңғы бес жыл ішінде «Қазіргі заманғы нанофотоника мен сенсорика үшін көміртекті нанобөлшектермен безендірілген кремний наноқұрылымдарын алудың ғылыми-технологиялық тәсілдерін әзірлеу және олардың қасиеттерін зерттеу» жобасын басқарды.

Ғалым мемлекет үшін басты ғылыми бағыттар болып саналатын «Энергетика және машина жасау», «Ақпараттық, телекоммуникациялық және ғарыштық технологиялар, жаратылыстану ғылымдары саласындағы ғылыми зерттеулер», «Табиғи ресурстарды, оның ішінде су ресурстарын ұтымды пайдалану, геология, қайта өңдеу» тақырыбындағы іргелі және қолданбалы

зерттеулердің белсенді қатысушысы.

Үшінші үздік ғылыми қызметкер – PhD докторы, Механика кафедрасының қауымдастырылған профессоры **Ержан Беляев**. Ол «Континенттік климаттық жағдайларда фазалық ауысу материалдарын пайдалана отырып, күн жылу энергиясын сақадты сақтаудың тиімділігін зерттеу» ғылыми жобасының жетекшісі. Сонымен қатар ғалым Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетімен бірлескен зерттеулер жүргізеді. Ғалым «Жылу сорғысының негізінде күн-жылу арқылы тұщыландыру қондырғысын әзірлеу» жобасының қатысушысы.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы үздік ғылыми қызметкерлерін құттықтайды!

Света ӨМІРФАЛИЕВА

ҚазҰУ-дың 32 оқытушысы үздік атанды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 32 оқытушысы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2023» байқауының қорытындысы бойынша жеңімпаз атанды.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ұйымдастырған республикалық конкурс оқытушы-ғалымдардың беделін арттыру және оларды ғылымға ынталандыруға бағытталған.

Биыл байқауға еліміздің 80 жоғары оқу орнынан 768 оқытушы қатысты. Іріктеу және бағалау электрондық оқу ресурстарын, материалдарды әзірлеу және жариялау, отандық және халықаралық журналдарда ғылыми жарияланымдар, өнертабысқа патенттердің болуы және т.б. көрсеткіштері бойынша анықталды.

Байқауда Қазақстанның 43 жоғары оқу орнының 150 оқытушысы жеңіске жетті. Олар әрқайсысы 2000 АЕК көлемінде сыйақы алады.

Жеңімпаздар тізіміне енген Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің үздік оқытушыларын табысты жетістіктерімен құттықтаймыз!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2023 жылғы «ЖОО үздік оқытушысы» байқауының жеңімпаздар тізімі

1. Тауанов Жандос Төреғұлұлы, химия және химиялық технология факультеті
2. Мальчик Фёдор Игоревич, химия және химиялық технология факультеті
3. Бауенова Меруерт Өмірбайқызы, биология және биотехнология факультеті
4. Бейсен Нұрзада Әбдібекқызы, физика-техникалық факультеті
5. Көшім Әсима Ғалымжанқызы, география және табиғатты пайдалану факультеті
6. Тоштай Қайнаубек, химия және химиялық технология факультеті
7. Өтегенов Алмасбек Ұлықбекұлы, физика-техникалық факультеті
8. Сағидолда Ерұлан, физика-техникалық факультеті
9. Үсеинова Қарлығаш Рахымжанқызы, заң факультеті
10. Алибаева Қарлығаш Абылхақызы, механика-математика факультеті

11. Шадкам Зубайда, шығыстану факультеті
12. Төлепбердинова Гүлнұр Алпысқызы, ақпараттық технологиялар факультеті
13. Мамырова Әсем Тілеужанқызы, биология және биотехнология факультеті
14. Құрманәлиева Айнұр Дүрбелеңқызы, философия және саясаттану факультеті
15. Дүйсебаева Мөлдір Әкімжанқызы, химия және химиялық технология факультеті
16. Рахымбай Гүлмира Сапарқызы, химия және химиялық технология факультеті
17. Құранбек Әсет Абайұлы, философия және саясаттану факультеті
18. Қалдыбеков Дәулет Болатұлы, химия және химиялық технология факультеті
19. Негізбаева Марлан Оңласынқызы, журналистика факультеті
20. Бекетаева Әсел Оразалықызы, механика-математика факультеті
21. Қондыбаева Салтанат Қанапияқызы, экономика және бизнес жоғары мектебі
22. Максимов Валерий Юрьевич, физика-техникалық факультеті
23. Құдайбергенов Нұрболат Жарылқасынұлы, химия және химиялық технология факультеті
24. Қалымбек Бақытжан, заң факультеті
25. Сатыбалдиев Бағдат Серікұлы, химия және химиялық технология факультеті
26. Плохих Роман Вячеславович, география және табиғатты пайдалану факультеті
27. Есқалиева Балақызы Қымызғалиқызы, химия және химиялық технология факультеті
28. Мағауова Ақмарал Сабитоллақызы, философия және саясаттану факультеті
29. Сәдуақасова Зухра Маратқызы, философия және саясаттану факультеті
30. Товма Наталия Александровна, экономика және бизнес жоғары мектебі
31. Жүнісбаева Жазира Қабылқызы, биология және биотехнология факультеті
32. Болатбек Милана Асланбекқызы, ақпараттық технологиялар факультеті

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі 2023 жылғы жыл сайынғы мемлекеттік ғылыми стипендиялар конкурсының нәтижелерін жариялады.

Мемлекеттік ғылыми стипендия иесін тапты

Байқаудың нәтижесі бойынша Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті биология және биотехнология факультетінің деканы, қауымдастырылған профессор, биология ғылымының докторы Меруерт Құрманбаева және саяси ғылымдар докторы, профессор Гүлнар Насимова мемлекеттік ғылыми стипендияның иегерлері атанды.

Сонымен қатар оқу ордасының жас ғалымдары, атап айтқанда Ақнұр Тұр-

ғымбаева, Болат Оралбеков пен Меруерт Бауенова аталған стипендияны жеңіп алды.

Естеріңізге сала кетейік, мемлекеттік ғылыми стипендия мемлекет үшін басым бағыттарда іргелі немесе қолданбалы зерттеулер жүргізуге, ғылыми кадрлар даярлауға белсенді қатысатын ғалымдар мен ғылыми қызметкерлерге беріледі.

Стипендия иегерлеріне ғылым жолында толағай табыстар тілейміз!

«Тәуелсіздік ұрпақтары» грантының иегері



Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Тәуелсіздік ұрпақтары» байқауы – елімізде атаулы жобалар арасындағы ерекше жоба. Жастардың жан-жақты дамуына берілетін үлкен мүмкіндік. Бұл жобаның мақсаты – белсенді шығармашыл жастардың қолданыстағы және жаңа бастамаларын мемлекет тарапынан қолдау. Конкурсқа он төрт жастан бастап, отыз бес жасқа дейінгі азаматтар үміткер бола алады. Грант бес бағытты қамтиды. Жаңа идеялар мен бастамаларды іске асыруға ұмтылған жастарға басымдық беріледі. Бұл жолы ғылым, мәдениет, ақпараттық технологиялар, кәсіпкерлік және медиа саласындағы 1000-нан астам жоба авторы сайысқа қатысты. Өтінімдер қыркүйек пен қараша аралығында қабылданған. Дәстүрлі іс-шара Мәдениет және ақпарат министрлігінің ұйымдастыруымен өтті. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен жыл сайын өтетін байқауда 30 жеңімпазға 3 млн теңгеден сыйақы табысталды. Салтанатты шараға мәдениет және ақпарат министрі

Аида Балаева, Парламент Мәжілісінің депутаттары, ҚР Президенті жанындағы жастар саясаты кеңесінің өкілдері, көрнекті қоғам қайраткерлері қатысты.

Грант иегерлерін мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева құттықтап, үздік жоба авторларына 3 млн теңгеден грант табыстады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті биология және биотехнология факультеті Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының 1-курс PhD докторанты Гүлзат Қайранова «Тәуелсіздік ұрпақтары» байқауында жеңіске жетіп, грант иегері атанды. Байқауға Гүлзат Қайранова «Қарапайым қосжапырақты жабайы өсетін халықтық дәрілік өсімдігінің биологиялық профилі және биоактивті әлеуеті» ғылыми жобасын ұсынды. Әрине, бұл тақырыпты жоба ретінде ұсыну барысында көп ойланып шешім қабылдадық. Қазіргі уақытта халық медицинасында пайдаланатын дәрілік өсімдіктерді жүйелі түрде зерттеп, дәстүрлі медицинаға ұсынып, құрамындағы биологиялық белсенді заттардан дәрілік препарат алу – өзекті мәселе әрі басты мақсатымыз. Шәкіртімнің осындай жетістікке жеткеніне қуаныштымын. Бұл болашағы жарқын жоба ретінде көптеген ғылыми жетістіктерге жететініне сенемін.

Әсем МАМЫРОВА,
Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының қауымдастырылған профессоры

Өткен жылдың өрнегі

Барыс жылы берекелі жыл болды. Университетте талай айтулы іс-шара өтті. Көптеген халықаралық конференциялар ұйымдастырылды. Соның бәрінде оқытушы ұстаздардың еңбегі ерен. Ұйымшыл ұжымның ісі көпке үлгі. Нәтижесі де көңілден шықпақ. Осы орайда, «Qazaq universiteti» ұстаздарға «Биыл оқу ордасындағы қандай оқиға есіңізде қалды? Жаңа жылдан не күтесіз?» деген сауалдар қойған едік.

Ләйла ҚАДІРСІЗҚЫЗЫ,

химия және химиялық технология факультеті деканының орынбасары

Тоғыз оқытушымыз – үздік



2023 жыл біз үшін қарқынды оқу, ғылыми жаңалықтарды ашу және кәсіби тұрғыда ілгерілеудің мезгілі болды әрі біз бірге қол жеткізген барлық жетістігімізді мақтан тұтамыз.

Өткен жыл бәріміз үшін үлкен сынақ жылы болды, бірақ соның бәрін адал еңбек пен күш-жігеріміздің арқасында сәтті еңсердік. Университетте көптеген маңызды оқиғалар өтті, көптеген жетістікке жеттік. Ұстаздарымыз әрқашан шабыт пен білімнің қайнар көзі болып қала береді, ал студенттеріміз алдына қойған мақсатына жетуде ерекше жігер мен өршілдік танытты. Факультетіміздің

оқытушылары жас ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендияға, «Болашақ» халықаралық стипендиясына, «Ерен еңбегі үшін» медаліне ие болды. Сондай-ақ еліміздің 80 жоғары оқу орнынан 768 талапкер қатысқан «Үздік ЖОО оқытушысы» байқауында біздің факультеттен жеңімпаздар анықталды. Тоғыз бірдей оқытушымыз биік белестен көрінді. Бұл үлкен жетістік және сол жетістігімізді мақтанышпен айтамыз. Факультет ғылыми конференциялар өткізді, мәдени шаралар ұйымдастырып, білім беру жобаларына қолдау көрсеттік.

Мұның барлығы бір-біріміздің белсенді қолдауымызсыз іске асуы мүмкін емес еді. Жаңа жылда біз көптеген жаңа міндеттер мен мүмкіндіктерге жол ашадық. Барлығымыздың қажырлы еңбегіміз бен қажыр-қайратымыздың арқасында біз әлі де өсіп-өркендеп, жаңа асуларды алатынымызға сенімдіміз. Біздің ынтымағымыз жарасса, университетті бұдан да көркейтіп, нығайтамыз.

Жаңа жыл құтты болсын! 2024 жылы сізге мол қуаныш, жаңа жетістік және мықты денсаулық бұйырсын. Әрі ғылыми жаңалығымыз көп болып, ақ тілекті арманымыз орындалсын.

Салтанат ҚОНДЫБАЕВА,
PhD, Экономика кафедрасының аға оқытушысы



Ғылыми зерттеулерге белсенділікті арттырамыз

Жыл ішіндегі нәтижелерді қорытындылау кез келген білім беру ұйымының қызметін бағалау мен дамытуда маңызды рөл атқарады. Біздің Бизнес және экономика жоғары мектебінің Экономика кафедрасы биыл студенттер мен оқытушылар үшін маңызды жетістіктерді көрсетті. Атап айтқанда, курстарды кеңейту және оқыту бағдарламасын жаңарттық. Кафедра жұмысындағы маңызды қадам экономикалық саладағы соңғы тенденциялар мен өзгерістерді ескере отырып, білім беру бағдарламаларын жаңарту болды.

Оқытуда соңғы технологияны белсенді қолдану ісін жетілдірдік. Кафедра оқу үдерісіне жаңа технологияларды сәтті енгізді. Кафедра меңгерушісі, доцент Ғалия Дәулиеваның бастамасымен «Кәсіпкерлік» пәні бойынша онлайн курстың құрастырылуы, интерактивті тапсырмалар мен оқулықтар студенттер үшін оқуды қолжетімді және тиімді етуге көмектесті. Бұл цифрлық сауаттылық дағдыларын дамытуға оң әсер етті. Осы жылы Экономика кафедрасы ғылыми зерттеулерге белсенді қатысуын жалғастырды. Бұл оқытушылардың беделін көтеруге ықпал етті. Б.Мухамедиев, Д.Рахматуллаева және С.Қондыбаевалардан құрал-

ған үздік оқытушы-профессорлық құрам үш ғылыми жобаны жүзеге асыруда. Сонымен қатар Ж.Темірболатова мен А.Қалиева «Жас ғалым» постдокторантура жобасы аясында ізденушілік зерттеу жұмыстарын жүргізуде. «Экономика» бағыты бойынша өткен республикалық студенттік пәндік олимпиадада доцент Г.Андабаева мен аға оқытушы Г.Иляшова жетекшілік еткен студенттер бірінші орынды жеңіп алды.

Халықаралық серіктестермен ынтымақтастық одан әрі жалғасын тауып жатыр. Кафедра шетел университеттерімен және ұйымдарымен белсенді ынтымақтастық арқылы өзінің халықаралық беделін нығайтты. 2023 жылы Экономика кафедрасы АҚШ-тың үздік жоғары оқу орны Канзас университетімен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Экономика кафедрасы үшін 2023 жылдың қорытындысы үміттендіреді. Белсенді даму, оқытудағы инновациялар, ғылыми зерттеулер және түлектердің табысты мансаптары кафедраның үздіксіз жетілдіруге және жоғары сапалы білім беруге ұмтылысын растайды. Бұл жетістіктер Экономика кафедрасының болашақта одан әрі табысты дамуына негіз болады.



Роман ПЛОХИХ,
Рекреациялық география және туризм кафедрасының меңгерушісі

Кәсіби жетістіктерге толы жыл болды

Жаңа жыл қарсаңында өткен жылы қол жеткен жетістігіміз, қуанышымыз бен мақтанышымыз жайында бөліскім келеді. Былтыр география және табиғатты пайдалану факультеті, сондай-ақ Рекреациялық география және туризм кафедрасы, оның ішінде жеке өз басым біршама маңызды әрі қуанышты оқиғалардың күесі болдым. Ерекше атап өткім келетіні – 2023 жылы біздің факультет 75 жылдың тойлауы.

Факультеттің «Батыс Қазақстан аймағының табиғи-шаруашылық және әлеуметтік-экономикалық жүйелерінің жасыл даму контекстіндегі тұрақты дамуы» мегажобасының бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру және әкімші дәрежесін иелену байқауына ойдағыдай қатысуын маңызды жетістік деп бағалауға болады. Факультет кафедралары халықаралық

конференциялар топтамасын сәтті ұйымдастырып, сан алуан елдердің атақты ғалымдарының назарын аударды.

Өз басым үшін де өтіп бара жатқан жыл өте маңызды болды: докторантым диссертациясын қорғады, Рекреациялық география және туризм кафедрасының меңгерушісі қызметіне тағайындалдым, сондай-ақ 2023 жылдың «ЖОО үздік оқытушысы» атағын иелендім. Өтіп бара жатқан жылмен қоштаса тұрып, алдағы жылдағы жоспарларды ойластыру қажет. Оның ішінде: білім беру бағдарламаларын дамыту және алдымыздағы аккредитация, туризм индустриясының өзекті бағыттарына тиісті жаңа оқу курстарын әзірлеу; оқытудың инновациялық тәсілдерін іске қосу; туризм саласындағы белсенді зерттеу топтары мен жобаларды қолдау; сту-

денттерді тағылымдама мен жобалар арқылы ғылыми қызметке тарту; халықаралық және ұлттық ғылыми конференцияларға қатысу және рейтингі жоғары журналдарда мақала шығару; серіктестік қатынастарды дамыту; кафедраның беделін көтеру және т.б.

Өтіп бара жатқан жылмен мақтанш сезімімен қоштаса тұрып, келер жылда жаңа міндеттер мен мүмкіншіліктер болатынын білемін. 2023 жыл еңбек және кәсіби жетістіктерге толы болды. Бірге қол ұстасып, түрлі қиыншылықтардан өттік, біздің біріккен еңбегіміз университетімізді білім және дарындылар мекеніне айналдыруда. Жаңа жылда бәрімізге жаңа белестер мен мүмкіндіктер тілеймін. Жаңа жыл қуанышты, берекелі болсын және қызықты жобалар іске асын!



Раушан БАЛФАБЕКОВА,
Шет тілдері кафедрасының оқытушысы

Шәкірттеріміздің тілді жете меңгеруіне күш саламын

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да білім алу студенттер үшін қандай биік мәртебе болса, университетте Қазақстанның және әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған ізденімпаз, креатив, жан-жақты дамыған студенттерге дәріс беру кез келген ұстаздың арманы. Ағылшын тілін кәсіби деңгейде оқыту – мен үшін басты орында тұрған мәселе. Әрбір студент өз мамандығына байланысты шет тілін жетік меңгеріп, одан әрі қарай дамыта алуына септігімді тигізу үшін үнемі ізденіс үстінде жүру керек екенін білемін. Университетте шет тілдерін кәсіби деңгейде меңгеруге барлық мүмкіндік бар. Студенттердің ағылшын тілін жетік меңгеруіне бар күш-қуатымды жұмсап қана қоймай, жан-жақты болуға тәрбиелеймін.

Мен филология факультетінің Шет тілдері кафедрасында оқытушымын. География және табиғатты пайдалану факультетінде оқып жатқан Түрікменстаннан келген студенттерге ағылшын тілінен дәріс беремін. Әрине, шетелден кел-

гендіктен, оларға біздің елдің жағдайына бейімделу оңай емес. Сондықтан оларға үнемі барынша көмек беруге тырысып жатырмын. Олар өте еңбекқор, ізденімпаз, өзіме де басқа елден келген студенттерге сабақ беру өте қызық. Сол арқылы мен басқа елдің мәдениетімен және өмірлік ұстанымдарымен танысамын.

Осы уақытқа дейін жиған білім мен тәжірибемді дәріс беруде қолданып жүрмін. Сабақтарымда ағылшын тілінде эссе жазуды, презентация жасау және оны қорғауды, ағылшын тілінен қазақ тіліне аударуды, грамматиканы сауатты қолдануды, оқуды меңгерту мақсатында түрлі әдіс-тәсілдерді қолданамын.

Мақсатым – білім алушылардың ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттыру. Жыл бойы осыған күш салдым, келер жылы да өзге елдің салт-дәстүрі, мәдениеті мен тілін оқуға ынталандырып, сөздік қорын дамытып, өз ойларын айқын жеткізіп айтуды үйретуге тырысамын.

Қазақ ұлттық университетінде студенттерге білім мен тәрбие беріп жүрген Мұрат Төшенев ағамыз туралы ерекше құрметпен атап өткіміз келеді.

Мұрат Жұмабекұлы 1948 жылы 17 желтоқсанда мемлекет және қоғам қайраткері Жұмабек Төшенев пен Бәтес Ыдырысқызының шаңырағында дүниеге келген. Жұмабек Ахметұлы – сталинизм мен Қазақстанның аумақтық тұтастығына қарсы күрестің ауыр кезеңінде өзін көреген саяси қайраткер ретінде көрсеткен тарихи тұлға. Мұрат ағамыз осы киелі отбасындағы бес баланың бірі болды.

Мұрат ағамыз орта мектепті тамамдап, 1966 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы, бүгінде республиканың үшінші мегаполисіндегі Шымкент педагогикалық институты тарих факультетінің бірінші курсына қабылданады. Бүгінде білім мен ғылымның, тәрбиенің алтын бесігі, қасиетті қара шаңырақ – Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті атанған жоғары оқу орны Шымкент қаласының орталығында, А.Байтұрсынов көшесінде орналасқан. Екі жылдық мұғалімдер даярлайтын оқу орны болып Қазақ КСР халық комиссарлар кеңесінің қаулы-

Ғұмырын ғылымға арнаған ұстаз

сымен 1937 жылы 19 наурызда ашылғаннан бері жұмыс атқарып келеді. Түлектері қазіргі таңда Қазақстанның түкпір-түкпірі мен шетелдерде қызмет атқаруда. Мұрат ағамыз, міне, осындай бір ғасырға жуық терең тарихы бар «ұстаздар шеберханасы» атанған Шымкент педагогикалық институтының 1971 жылғы түлегі. Бүгінде тарих ғылымының докторы, профессор.

Ағамыздың ең әуелі ұстаздық жолды таңдап, ғалым болып қалыптасуында оның елімізге белгілі, текті отбасынан алған тәрбиенің ықпалы болды. Әкесі Жұмабек Ахметұлы ел басқарудағы әкімшілік саламен қатар, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен де айналысқан. Оның айқын дәлелі – бірқатар ғылыми еңбектерінің жарық көруі, сондай-ақ экономика саласы бойынша кандидаттық (1962) және докторлық диссертацияны (1974) Мәскеуден қорғады. Қоғам қайраткері Жұмабек Төшеневтің бойындағы қасиеттері: бірінші – отансүйгіштік; екінші – ұлтқа деген терең сезім; үшінші – қағидатшыл (принципшіл); төртінші – тарихты меңгеру мен білуге деген шынайы ықыласы болғаны туралы жақын таныған азаматтар ерекше айтады. Ұлтымыздың ардақты тұлғала-



рының қатарында Жұмабек Төшеневтің есімі ерекше аталады. Оның жарқын ғұмыры көпке өнеге. Намысты да жігерлі азаматтың перзенті – болашақ ғалым Мұрат ағамыздың тарихқа деген ерекше сүйіспеншілігі әкесінен дарыса керек. Халқының өнегелі тұлғасына айналған әкесінің саналы өмірі мен адал атқарған қызметі, жігерлілігі мен ұлтжандылығы Мұрат Жұмабекұлына тағылымды үлгі-өнеге болды.

XX ғасырдың 60-жылдарының аяғы мен 70-жылдардың басында оңтүстік өңірдегі «ұстаздар шеберханасы» атанған жоғары оқу орнында көптеген білікті мамандар Мұрат Жұмабекұлына дәріс беріп, ғылымға баули білді. Ғылым жолын таңдаған ол 1973 жылы Қазақ ұлттық университетінің (С.Киров атындағы ҚазМУ) Қазақ КСР та-

рихы кафедрасының аспирантурасына қабылданады. Оның еңбек жолы ҚазҰУ-дың тарих факультетінде Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы кафедрасында 1977 жылы – оқытушы-ассистент, 1978 жылы – аға оқытушы, 1981 жылы – тарих ғылымының кандидаты, доцент, 1999 жылы – тарих ғылымының докторы, профессор қызметтерін атқарды. Осы жоғары оқу орнында жарты ғасырға жуық студенттерге тарихтан дәріс беріп, ұлтжанды жастарды тәрбиелеуде еңбек етіп келеді. Ғылымдағы және қоғамдық жұмыстағы жетістіктеріне байланысты ғалым ағамыздың еңбегі бағаланып, «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісімен марапатталды.

Бүгінде Мұрат ағамыз тарих факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасының беделді де жастар үлгі алатын құрметті профессоры. Ғалым ағамыздың түрлі бағыты қамтып жариялаған 200-ден астам ғылыми еңбегі, оның ішінде «1960-1985 жылдардағы Қазақстанның жұмысшы табы» атты монография және «Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы», «Қазақстан тарихы», «Қазақстан (Қазақ елі) тарихы», «Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық жүйелер

қыспағында» деген еңбектердің ұжымдық авторларының бірі. Сонымен бірге «XX ғасырдың 60-70 жылдарындағы Қазақстандағы өндірістің қалыптасуы мен даму тарихы», «XIX ғасырдағы Қазақстандағы халықтық азаттық қозғалыс», «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан (1941-1945 жж.)» деген оқу, оқу-әдістемелік құралдарының авторы.

Шәкірттеріне білім мен тәрбие берген ұстаз – баға жетпес биік тұлға. Бүгінде ағамыз тәрбиелеп, білімге, ғылымға баулып, дәріс берген шәкірттері ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінде, жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу институттарында еңбек етуде. Оның бойында әкеден берілген адалдық, ұқыптылық, қарапайымдылық, жинақылық, адам баласына қиянат жасамау қасиеттері жас мамандар үшін үлгі боларлық.

Бар ғұмырын ғылым мен білімге арнаған ғалым ұстазымыз Мұрат Жұмабекұлы 75 жасқа толды. Құрметті Мұрат Жұмабекұлын тарих факультетінің ұжымы мерейтойымен құттықтап, денсаулық, отбасына бақытты, ұзақ ғұмыр тілейміз!

Гүлнәр ҚОЗҒАМБАЕВА,
Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, т.ғ.к.

Корейтануға сүбелі үлес қосып келеді

Қазақстан мен Орталық Азияда корейтану ғылымының негізін салушылардың бірі және әлемдегі коре сарам тарихы бойынша жетекші маман, тарихшы ғалым, ұлағатты ұстаз, профессор Герман Николаевич Ким 70 жасқа келіп отыр.

Ғылыми ізденістері патшалық Ресей империясы мен Кеңес Одағы тұсындағы кезеңнен бастап, тәуелсіздік алғаннан бергі Қазақстандағы корей диаспорасының этникалық мәдениеті, әлеуметтік антропологиясы мен лингвистикасы, сонымен бірге корей халқының шетелдерге қоныс аудару тарихын зерттеуге арналды. Осы бағытта отыздан астам монография, оқулықтар және 250 ғылыми мақаласы бірнеше тілде жарияланды. Орталық Азиядағы корейтану ғылымын танымал етуде Герман Николаевичтің қосқан үлесі орасан зор болды. Оның тікелей қатысуымен «Орталық Азиядағы корейтану жаңалықтары» атты ғылыми журнал жарық көріп, корейтану саласындағы жетекші журналдардың бірі болды. Архив құжаттары арқылы ұзақ жылдар зерттеу жүргізіп, нақты фактілер мен цифрларды ғылыми айналымға енгізіп, корейлердің ішкі-сыртқы иммиграциясының тарихы туралы жазылған ірге-

лі үш томдық «Корея иммиграциясының тарихы» атты монографиясы корей тіліне аударылып, 2006 жылы Корея Республикасында корей халқының тарихы бойынша жазылған «Үздік кітап» ретінде халықаралық ғылыми ортада мойындалып, жоғары бағаланды.

Г.Ким 1977 жылы өзі білім алып, ұшқан ұясы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде тарих факультетінің Шет тілдері кафедрасының оқытушысы, аспиранты ретінде ғылыми жолын бастаған еді. 1990-91 жж. ҚР Ұлттық ғылым академиясы Философия институтының (ҚР ҰҒА) Ұлттық және этносаралық қатынастарды зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері, 1992-96 жж. ҚР ҰҒА Шығыстану орталығының аға ғылыми қызметкері, 1996-99 жж. ҚР ҰҒА Шығыстану институты жанындағы корейтану орталығының директоры, 1999 жылдан ҚазҰУ шығыстану факультетінің Қиыр Шығыс кафедрасы-



ның профессоры, 1999-2010 жж. Корейтану кафедрасының меңгерушісі болды. 2006-09 жж. Мичиган университетінің (АҚШ) Гуманитарлық зерттеулер институтында және Хокайдо университетінің (Жапония) Дамушы экономикалар институтында шақырылған профессор болып қызмет атқарды. 2010-14 жж. ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының бас ғылыми қызметкері, 2014-15 жж. Сунсин университетінің (Оңтүстік Корея) шақырылған профессоры, 2015-19 жж. Конгук университетінің профессоры (Оңтүстік Корея) сияқты қызметтер атқарды. 1999 жылдан бері Қазақстан корейлері

қауымдастығының вице-президенті қызметін атқарып, корей диаспорасы ұйымдарының қызметіне орасан зор үлес қосып келеді. 1987 жылдан бастап «Ленин кичи/Корё ильбо» газетінің тұрақты авторы. Герман Николаевич ғылыми қызмет пен ұстаздықпен қатар, Қазақстан мен Оңтүстік Корея арасындағы ғылыми-білім және мәдени ынтымақтастықты нығайтуға да өз үлесін тигізген тұлға екенін айтуға болады.

Профессор Г.Н.Ким педагогикалық және ғылыми еңбегі үшін «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы (2007), «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін»

төсбелгісі (2009), Бірлік» медалі (2014), KBS телекомпаниясының (Корея Республикасы) шетелдік корейлердің үздік ғылыми өкілі ретіндегі ерекше марапаты, «Азаматтық еңбегі үшін» ордені (2015), ҚазҰУ-дың «Әл-Фараби» күміс медалі (2016), Қазақстан мен Оңтүстік Кореяның басқа да медальдары мен ордендерімен марапатталған.

Университетіміздегі бүкіл еңбек жолында Герман Николаевич білікті ғылыми мамандарды тәрбиелеп, көптеген ғылым кандидаттарын дайындады. Ол қазақстандық және шетелдік докторанттардың диссертациясына ғылыми жетекшілік жасады. Оның шәкірттері ғалым-ұстаз ретінде өзімен үзеңгілес әріптес болып отыр. Қазіргі уақытта профессор 2020 жылы университетімізде ашылған Азиялық зерттеулер институтын басқарып әрі университетте ұстаздық жұмысын жалғастыруда. Міне, осындай саналы ғұмырын ғылымға арнап, іргелі жұмыстарды атқарып, Қазақстан корейтану саласының дамуына зор үлес қосып келе жатқан ғалымға кафедра ұжымы әлі де өзі ойлаған үлкен жұмыстарды жасау үшін қажымас күш-қайрат, мықты денсаулық, отбасына амандық тілейді.

Бақытгүл ТАШКЕНБАЕВА,
Қиыр Шығыс кафедрасының аға оқытушысы

«Болашақ» гранттарын жеңіп алды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары «Болашақ» бағдарламасы аясында жарияланған «500 ғалым» ғылыми тағылымдамасына арнайы гранттарды жеңіп алды.



Грант иегерлерінің бірі – Молекулалық биология және генетика кафедрасының меңгерушісі, биология ғылымының кандидаты Жазира Жүнісбаева. Жазира Қабылқызы профессор Мұрат Сапарбаевтың жетекшілігімен ғылыми тағылымдама барысында митохондриялық ДНҚ тізбегіндегі тұқым қуалаушылықты және геномдық соматикалық мутациялардың пайда болу заңдылықтарын зерттейді. Тағылымдама Густав Рози атындағы Париж институтында өтеді. Бұл зерттеу жұмысы адамның қартаюына байланысты ауруларды ерте диагностикалау, алдын алу мен емдеудің жаңа әдістерін табуға көмектеседі.

Биология және биотехнология факультетінің Биофизика, биомедицина және

нейроғылым кафедрасының аға оқытушысы Арайлым Есенбекова Испанияның Гранада университетінде тағылымдамадан өтеді. Ғылыми жұмыстар Гранада университеті базасындағы молекулалық биология және жасушааралық байланыс саласындағы жетекші зертханалардың бірінде жүргізіледі. Жас ғалым испаниялық мамандармен бірлесе отырып, метаболикалық аурулардың негіздерін молекулалық және биохимиялық деңгейде зерттейді.

Химия және химиялық технология факультеті Жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторы Шолпан Назарқұлова Милан қаласында (Италия) тағылымдамадан өтеді. Қабылдаушы ұйым – SCITEC

(Istituto di Scienze e Technologie Chimiche) Giulio Natta, CNR (Consiglio Nazionale delle Ricerche).

Ғылыми тағылымдаманың тақырыбы – «Ауыр металдардан ағынды суларды каталитикалық дезинфекциялау үшін тиімді көпфункционалды бейорганикалық қатты жүйелерді зерттеу».

Биология және биотехнология факультетінің техника және технология магистрі Марат Амангелдин ғылыми тағылымдаманы Флиндерс университетінде (Австралия) өткізеді. Жас ғалым «Антиоксиданттық жүйе арқылы бидай өсімдіктерінің құрғақшылыққа төзімділігін арттыру үшін микробалдырларды қолдану» тақырыбында зерттеулер жүргізеді.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Спортшыларға лайықты құрмет көрсетілді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің спортшы жастары кезекті марапаттарға ие болды.

Қазақстанда тұңғыш рет жылдың ең үздік, ең таңдаулы студент-спортшыларын марапаттау мақсатында ұйымдастырылған «Сұңқар – 2023. Студенттік спорттың жұлдыздары» республикалық байқауында ҚазҰУ-дың медицина және денсаулық сақтау факультетінің студенті Әкежан Айтбеков «Үздік студент-спортшы» марапатына ие болды.

Әкежан Айтбеков – II Түркі универсиадасында еркін күрестен алтын медаль иегері.

ҚазҰУ-дың заң факультетінің студенті Серік



Әбдімәжит Жамбыл облысы әкімдігі мен дене шынықтыру және спорт басқармасы ұйымдастырған байқауда «Халық таңдауы – 2023» номинациясында жеңімпаз атанды.

Серік Әбдімәжит самбодан әлем чемпионатының күміс жүлдегері, әлем чемпионатының қола жүлдегері, Азия чемпионатының екі дүркін күміс жүлдегері, сам-

бодан және дзюдодан ҚР спорт шебері.

Жаңа жыл қарсаңында дзюдо күресінен жастар арасында өткен Алматы қаласының чемпионатында филология факультетінің 1-курс студенті Аружан Солтанхан 48 келі салмақта күміс жүлдегер атанды.

Спортшы студенттерімізді құттықтаймыз!

Алмат ИСАДІЛ



Студенттер инновациялар байқауында топ жарды

Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар саласындағы инновацияларға арналған Huawei ICT Competition 2023-2024 жарысы аясында Қазақстан құрамасы Cloud Track бағыты бойынша өңірлік финалда жеңіске жетті.

Талантты студенттерден құралған команда құрамында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ақпараттық технологиялар факультеті Жасанды интеллект және BIG DATA кафедрасының екі студенті – Дидар Молдахметов пен Аида Бегайдарова және Қазақстан-Британ техникалық университетінің студенті Гаухар Жанел сынға түсті.

Команданың жетекшісі – ҚазҰУ оқытушысы Ескендір Әшімов студенттерді жарысқа үлкен дайындықпен апарған.

Білімділер сынға түскен өңірлік финалда Қазақстан құрамасы Орталық Азия мен Таяу Шығыстың 11 елінен келген 22 командадан басым түсіп, шеберлік пен білімнің жоғары деңгейін көрсетті.

Жеңімпаз студенттер арнайы медальмен, алғыс хаттармен марапатталды.

Осы құрамдағы команда алдағы 2024 жылы Қытайда өтетін инновациялар байқауының жаһандық финалына қатысатын болады.

Алмат ИСАДІЛ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағы дәстүр бойынша университет қызметкерлерінің балаларына тәтті сыйлықтар табыс етіп, бүлдіршіндерді келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтады.



Бүлдіршіндерге жаңажылдық сыйлық берілді

Биыл тәтті сыйлықтар 2800-ден астам балаға берілді. Кәсіподақ төрағасы Талғат Мекебаев бүлдіршіндермен жұмыс істеу кәсіподақ міндеттерінің маңызды бөлігі деп атап өтті.

Сыйлықтарды кәсіподақ мүшесі, «Аяз ата» – Жандос Құмғанбаев таратты. Жаңажылдық сыйлықтар тиелген арнайы ав-

тобус барлық факультеттер мен корпусстарды аралап шықты. Әрбір аялдамада балалар Аяз атаны қарсы алып, өз өнерлерін көрсетіп, сыйлықтарын алды. Балалар Жаңа жылды жақсы көңіл күймен қарсы алатынына сенімдіміз.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ
Фотоші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2500

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.